

Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін Астана қаласына орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 маусым N 687

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін (бұдан әрі - Агенттік) 1999 жылғы 10 маусымға дейін Астана қаласына орналастыру жүзеге асырылсын.

Агенттіктің Алматы қаласынан Астана қаласына орталық аппараттың

қызметкерлерін 16 адам санында көшіру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлеріне Алматы қаласынан Астана қаласына ауыстыру тәртібімен Астана қаласына орналасқан мемлекеттік органдардың орталық аппаратының қызметкерлері үшін зандарда көзделген әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар қолданылады деп белгіленсін.

3.

ЕСКЕРТУ. З-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.18. N 1179

қаулысымен.

P 9 9 1 1 7 9 _

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК